

Жамбыл облысында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2017 жылғы 11 желтоқсандағы № 273 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 5 қаңтарда № 3665 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл облысында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ ақшалай сыйақының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Облыс әкімі аппаратының құқық қорғау органдармен жұмыс және құқықтық қамтамасыз ету бөлімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды облыс әкімінің бірінші орынбасары Б. Орынбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

К. Көкрекбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

Жамбыл облысының ішкі істер

департаменті бастығының

міндетін атқарушы

полиция полковнигі Б. Байгелді

"11" желтоқсан 2017 жыл

Жамбыл облысы әкімдігінің
2017 жылғы 11 желтоқсандағы
№ 273 қаулысына қосымша

Жамбыл облысында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ ақшалай сыйақының мөлшері

1. Көтермелеудің түрлері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйақы беру.

2. Көтермелеудің тәртібі

2. Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге жәрдемдескен, қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Жамбыл облысы әкімдігімен құрылған комиссия қарайды.

3. Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге, қоғамдық тәртіпті қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды ақшалай сыйақымен көтермелеу жөніндегі ұсыныстарды комиссияның қарауына Жамбыл облысы ішкі істер департаментінің бастығы ұсынады.

4. Комиссия қабылдаған шешім - көтермелеу үшін, ал комиссия қабылдаған шешімге сәйкес Жамбыл облысы ішкі істер департаменті бастығының бұйрығы - көтермелеуге ақы төлеу үшін негіз болып табылады.

5. Комиссияның құрамына жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, сондай-ақ азаматты көтермелеуге ұсынған ішкі істер органының өкілдері енгізіледі. Комиссия жергілікті атқарушы органдарда тіркелмеген азаматтарды да, егер олар қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, жолын кесуге немесе оларды ашуға ықпал етсе, белгіленген тәртіппен көтермелеуге құқылы.

3. Ақшалай сыйақының мөлшері

6. Ақшалай сыйақының мөлшері комиссиямен белгіленеді және ол, әдетте, 10 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

7. Ақшалай сыйақы төлеу облыстық бюджет қаражаты есебінен Жамбыл облысының ішкі істер департаментімен жүргізіледі.

8. Көтермелеуге ақы төлеуге арналған қаражат Жамбыл облысы ішкі істер департаменті шығыстарының құрамында жеке бағдарламамен көзделеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК